

Инвотакси қызметін алушылар санатын кеңейту туралы

Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімдігінің 2025 жылғы 23 сәуірдегі № 16/62 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 25 сәуірде № 6760-09 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, "Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 1 қарашадағы №859 бұйрығымен бекітілген, Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларының 31 тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8950 болып тіркелген) сәйкес Приозерск қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Приозерск қаласының аумағында инвотакси қызметітерін алушылардың санаттары келесі тұлғалардың санаттарымен кеңейтілсін:

- 1) тірек-қимыл аппараты бұзылған бірінші, екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- 2) тірек-қимыл аппараты бұзылған 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар;
- 3) 18 жасқа дейінгі ақыл-ой бұзылуы бар балалар;
- 4) 18 жастан асқан ақыл-ой бұзылуы бар адамдар.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Приозерск қаласының әкімі

М. Ахметов